

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясы
Төралқасының ұсынысымен
ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының
хаттамасымен
Б Е К І Т І Л Г Е Н**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
Ж А Р Ғ Ы С Ы**

Жалпы ережелер

1. **Ғылым академиясының қазақстандық базасы** КСРО Ғылым академиясы Төралқасының шешімімен 1932 жылы Алматы қаласында құрылды, ал 1938 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы болып қайта құрылды.

Қазақ КСР Ғылым академиясы КСРО Совнаркомының 1946 жылғы 31 мамырдағы қаулысына және Жоғарғы Кеңес Төралқасы мен Қазақ КСР Совнаркомының «Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы» бірлескен қаулысына сәйкес құрылды.

1946 жылдың 1 маусымы Республикалық Ғылым академиясының ресми ашылған күні болып саналады.

2003 жылдың 23 қазанынан бастап Ғылым академиясы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» (бұдан әрі – ҚР ҰҒА) республикалық қоғамдық бірлестігі болып табылады.

2. **ҚР ҰҒА-ның құрамына Қазақстанның** жетекші ғалымдары – ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер), корреспондент-мүшелері, ҚР ҰҒА-ның шетелдік және құрметті мүшелері кіреді. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелері, Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында қызмет көрсететін Ұлттық ғылым академиясының құрылтайшылары болып табылады.

3. **ҚР ҰҒА-сы өз қызметін** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі

мен ҚР «Ғылым туралы» заңдарымен және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және осы Жарғыға сәйкес іске асырады.

4. ҚР ҰҒА-ның заңды мәртебесі, толық атауы және орналасқан жері:

ҚР ҰҒА-сы заңды тұлға болып саналады, дербес балансы, заңға сәйкес банктерде шоты, бланктері, мөрлері мен мөртабандары және тағы басқа ресми төлсипаттары бар.

ҚР ҰҒА-ның толық атауы:

Мемлекеттік тілде: толық – «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі; қысқаша – «ҚР ҰҒА» РҚБ;

Орыс тілінде: толық – Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан»; сокращенное – РОО «НАН РК».

ҚР ҰҒА-ның орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28 үй.

ҚР ҰҒА қызметінің мақсаты мен түрлері

5. ҚР ҰҒА қызметінің мақсаты (заты) Қазақстандағы ғылымның дамуына мейлінше маңызды, келешегі бар ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық зерттемелерді іске асыру, ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін еліміздің экономикасына ендіру, ғылыми-инновациялық қызметті дамыту, Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, мемлекеттік-құқықтық және мәдени дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан ғалымдарының кәсіби консолидациясын дамыту болып табылады.

6. ҚР ҰҒА қызметінің негізгі түрлері:

- еліміздің жетекші ғалымдарын біріктіру;
- әлемдік және қазақстандық ғылымның жай-күйі мен даму үрдістерін және ғылым дамуының басым бағыттарын негіздеу және болжамдау мазмұнын талдайтын ғылым туралы Ұлттық баяндаманы жыл сайын дайындап басып шығару; Ғылым туралы Ұлттық баяндама жыл сайын Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынылып отырады;
- ғылыми жетістіктерді насихаттау және баспа қызметі;
- ғылыми-зерттеу қызметі және ғылыми кадрларды дайындау;

- ғылыми жобалар мен бағдарламалардың сараптамасына қатысу;
- ғылымды көп қажет ететін өндірістер құру және инновациялық қызмет;
- ғылыми және инновациялық қызметтер аясында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысу, симпозиумдар мен көрмелер ұйымдастыру;
- ҚР ҰҒА-сы бекіткен ғылыми сыйлықтар, құрметті атақтар, белгілер мен марапаттар беру.
- мемлекеттік органдармен келісім шарт негізінде заңмен тыйым салынбаған қызметтер атқару.

ҚР ҰҒА-ның құрамы

7. **ҚР ҰҒА-ның құрамына кіретін ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері** (академиктер), корреспондент-мүшелері, ҚР ҰҒА-ның шетелдік және құрметті мүшелері ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясын Ереже бойынша ашық тәртіпте өткізеді. Жалпы жиналыс, ҚР ҰҒА-ның кем дегенде 2/3 мүшелері қатысқан жағдайда кез келген шешімді қабылдауға құқылы.

8. **ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері** (академиктер) болып корреспондент-мүшелер сайлана алады. Ерекше жағдайларда ғылыми мектептер құрған, әлемнің жетекші ғалымдары арасында мойындалған және үздік жетістіктерге қол жеткізген ірі ғалымдар – ғылым докторлары ҚР ҰҒА-ның толық мүшесі болып сайлана алады.

9. **ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі** болып осы Жарғыны мойындап, ондағы міндеттерді орындауға жазбаша түрде міндет алған, ірі жетістіктерімен ғылымды байытқан, әлемдік ғылыми қоғамдастық мойындаған, ғылыми жетістіктері үшін ғылым докторы немесе профессор ғылыми дәрежесіне ие, ҚР мемлекеттік органы берген ғылыми дәрежесінен кейін бесжылдық ғылыми жұмыс өтілі бар ғалымдар сайлана алады.

10. **ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері** мен корреспондент-мүшелері өмірлік сайланады және ҚР ҰҒА-ның құрамынан тек қана өз өтініші бойынша шығарылуы мүмкін. Ерекше жағдайда олар ҚР ҰҒА-ның шетелдік немесе құрметті мүшелігіне ауыстырылады. Шешім ҚР ҰҒА Төралқасының ұсынысы бойынша ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының көпшілік дауысымен қабылданады.

11. **Бос орындар саны, мамандықтар** тізімі және ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелерін сайлау өткізу тәртібі ҚР ҰҒА Төралқасымен анықталды.

12. **ҚР ҰҒА-ның президентін,** толық мүшелерін, корреспондент-мүшелері мен шетелдік мүшелерін сайлауда шешуші дауысқа тек қана ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелері ғана ие бола алады. Кез келген шешімді қабылдау үшін жиналысқа (отырысқа) академияның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелерінің осы тізім ішінен дәлелді себептермен (сырқатына байланысты, іс-сапарға кету, т.б.) қатыспағандарды шегеру арқылы кем дегенде $2/3$ қатысуы қажет. Жасырын дауыс беру нәтижелерін санау үшін Жалпы жиналыс есептеу комиссиясын сайлайды.

13. **ҚР ҰҒА Жалпы жиналысымен** толық мүшелік пен корреспондент- мүшелікке сайлауға ұсынылатын кандидаттар ҚР ҰҒА бағыттық Бөлімшенің Жалпы жиналысында сайланады.

Жекелеген жағдайларда ҚР ҰҒА Төралқасының шешімімен Бөлімше мүшелері мен Төралқасының тепе-теңдік жағдайда бірлескен жиналысқа қатысуымен сайлау өткізуге рұқсат етіледі. Егер дауыс берудің I турынан бос орын қалса, онда Төралқаның шешімі бойынша кем дегенде 50% дауыс жинаған кандидат үшін II тур өткізілуі мүмкін. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері және корреспондент-мүшелері болып көпшілік дауыспен, кем дегенде $2/3$ дауысқа ие болған ғалым-үміткерлер саналады.

14. **ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысында** ҚР ҰҒА-ның толық мүшесіне (академигі) сайланушы үміткер, оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерінің кем дегенде $2/3$ дауысын жинаса, сайланған болып есептеледі.

ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесіне сайланушы үміткер оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан академияның толық мүшелерінің және корреспондент-мүшелерінің кем дегенде $2/3$ дауысын жинаса сайланған болып есептеледі.

ҚР ҰҒА Төралқасы немесе бағыттық Бөлімшесі ұсынған ҚР ҰҒА президенті болып сайланушы үміткер, оның кандидатурасы үшін көпшілік дауыс жинаса, оның ішінде дауыс беруге қатысқан ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерінің (академиктерінің) және

корреспондент-мүшелерінің кем дегенде жәй көпшілік дауысын (50% дауысын және бір дауыс) жинаса сайланған болып есептеледі.

15. Есептеу комиссиясының хаттамалары ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында ашық дауыс берумен бекітіледі. Дауыс беруге құқылы ҚР ҰҒА-ның академиктері мен корреспондент-мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда хаттама бекітілген болып табылады.

16. Академияның шетелдік мүшелері болып әлемдік ғылым, Қазақстан Республикасының ғылымы, мәдениеті мен экономикасындағы ғылыми жетістіктерін ҚР ҰҒА-сы айрықша деп таныған шетел ғалымдары сайлануы мүмкін. ҚР ҰҒА-ның шетелдік мүшелерін сайлау ҚР ҰҒА Төралқасының ұсынуы бойынша ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен Жалпы жиналыста өткізіледі. Шетелдік мүшелер жиналысқа кеңестік дауыспен қатысады.

17. ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшесі болып әлемдік ғылымға және Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына еңбегі сіңген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары сайлана алады. ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшелерін сайлау Төралқада ҚР ҰҒА президентінің ұсынуымен ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен өткізіледі. Құрметті мүшелер жиналысқа кеңестік дауыспен қатысады.

ҚР ҰҒА Жалпы жиналысымен бекітілген «Ережеге» сай Төралқа ұқсас шарттармен ғалымдарға «ҚР ҰҒА профессоры» құрметті атағын бере алады.

ҚР ҰҒА мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

18. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) және корреспондент-мүшелері мыналарға құқылы:

– ҚР ҰҒА-ның жұмысына Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Жарғы белгілеген тәртіпте қатысуға;

– Төралқа, бөлімшелер, сонымен қатар ҚР ҰҒА қызметінің барлық мәселелері бойынша ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының карауына ұсыныс енгізу мен оларды толықтыруға қатысу;

– ҚР ҰҒА-ның Төралқасына берілген өтінішке сәйкес немесе ҚР ҰҒА Төралқасы және Жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚР ҰҒА-сы құрамынан еркін шығу немесе толық мүшеліктен шетелдік және құрметті мүшелікке ауысуға;

– Төралқа мен осы Бөлімше мүшелерінің көпшілігінің келісімін алған жағдайда, бір Бөлімшенің құрамынан басқасына ауысуға.

19. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) мен корреспондент-мүшелері міндетті:

– ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми мектептер құрып және республика ғылымының әлемдік дәрежеде дамуына жағдай жасауға;

– ҚР ҰҒА-ның журналдарына әлемдік ғылымның дамуының беталысы туралы, республика ғылымы дамуының басым бағыттары бойынша ғылыми-техникалық әлеуетінің жай-күйі туралы шолу және талдау баяндамаларын жариялауға;

– ғылымға өзінің қосқан жеке үлесі, жоғары санатты ғылым кадрларын даярлау, ғылыми еңбектерді жариялау және ғылыми жетістіктерді практикалық жүзеге асыру туралы мағлұматы бар (мәлімет) есеп беру;

– жыл сайынғы ғылым туралы Ұлттық баяндаманы дайындауға шарттық негізде қатысуға.

20. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер), корреспондент-мүшелері және құрметті мүшелері өзінің зерттеу бағыты бойынша Бөлімшесінің мүшесі болып табылады.

21. Қазақстан Республикасының аймақтарында жұмыс істеп және тұрып жатқан ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) мен корреспондент-мүшелері және құрметті мүшелері ҚР ҰҒА-ның сәйкес аймақтық (филиалдарының) Бөлімшелерінің мүшесі болып табылады.

22. ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер), корреспондент-мүшелері, шетелдік және құрметті мүшелері Жарғыға сәйкес ҚР ҰҒА президентінің тапсырмасын және Төралқа шешімін, салалық Бөлімше төрағасының тапсырмаларын орындауға, ҚР ҰҒА-ның сәйкес Бөлімшелерінің (филиалдары) Жалпы жиналыстарының жұмыстарына қатысып, олардың шешімдерін жүзеге асыруға, республика ғылымының дамуына жағдай жасауға міндетті.

23. ҚР ҰҒА мүшелерінің негізгі міндеттері – ғылымды үздік еңбектер мен жетістіктермен байыту, ірі ғылыми және ғылыми-техникалық мәселелерді зерттеу, ғылыми кадрларды дайындау, ҚР ҰҒА-ның атын жамылып, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін саяси, діни және басқа мақсаттарға пайдалануға жол бермеу.

ҚР ҰҒА-ның ұйымдық құрылымы

24. **ҚР ҰҒА Төралқасы, ғылым бағыттары** бойынша Бөлімшелер, ҚР ҰҒА-ның аймақтық бөлімшелері (филиалдар, өкілдіктер) және ғылыми ұйымдар құрады, сондай-ақ ғылымды қажет ететін инновациялық өндірістер құруға қатыса алады.

25. **ҚР ҰҒА-ның салалық Бөлімшесі** сәйкес сала бойынша жұмыс істеуші ҚР ҰҒА-ның мүшелерін біріктіретін нақты ғылым саласындағы оқшауланбаған құрылымдық бөлімше болып табылады. Бөлімшелер ҚР ҰҒА Төралқасының жанында жұмыс жасайды және оған есепті.

Бөлімшені, ереже бойынша, ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері ішінен ҚР ҰҒА-ның президентінің ұсынысы бойынша ҚР ҰҒА Төралқасы көпшілік дауыспен сайлаған төраға басқарады.

26. **ҚР ҰҒА-ның аймақтық бөлімшесі** (филиал, өкілдік) Қазақстан Республикасының осы аймағында қызмет істеп және тұрып жатқан ҚР ҰҒА мүшелерін біріктіруші оқшауланбаған құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Оның Жарғысы ҚР ҰҒА Төралқасымен бекітіледі, төрағаны ҚР ҰҒА президенті тағайындайды.

27. **ҚР ҰҒА-ның өкілдігі** және ғылыми-өндірістік ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелдерде де құрылады. ҚР ҰҒА орнатылған тәртіп бойынша ұйымның құрылтайшысы немесе ортақ құрылтайшысы бола алады, сондай-ақ ассоциация мен бірлестікке кіре алады.

Өкілдікті, ғылыми немесе ғылыми-өндірістік ұйымды ҚР ҰҒА президенті тағайындаған директор басқарады.

28. **ҚР ҰҒА-ның қызметіне** ғылыми қоғамдастықты кеңінен тарту және ҚР ҰҒА Жарғысының мақсатын іске асыру үшін, оның Бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) құрамында ҚР ҰҒА мүшелері, тағы басқа көрнекті ғалымдар бар ғылыми кеңестер, бастамашыл зерттеу топтары және тағы басқа уақытша және тұрақты жұмыс істейтін ғылыми ұйымдар құруға және ҚР ҰҒА-ның ұжымдық мүшелерін – ұйымдарын қабылдауға құқылы.

ҚР ҰҒА-сын басқару

29. **ҚР ҰҒА-ның Жоғарғы органы** болып ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысы саналады. Төралқа шешімі бойынша Жалпы

жиналыс осы Жарғының 7-ші және 12 тармақшаларына сәйкес өткізіледі.

Жалпы жиналыстың құзырына айрықша жататындар:

– ҚР ҰҒА-ның Жарғысын қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

– ҚР ҰҒА-ның ерікті ұйымдастырылған құрамы мен таратылуы туралы шешімді қабылдау;

– ҚР ҰҒА-ның салалық және аймақтық Бөлімшелерін (филиалдар, өкілдіктер) құру;

– ҚР ҰҒА президентін сайлау, өкілеттік және оны ұзарту мерзімін анықтау;

– ҚР ҰҒА Төралқасының мүшелерін сайлау;

– ҚР ҰҒА-ның басқару органдарының құзыреттілігін анықтау, ұйымдық құрылымы, қалыптасу тәртібі және өкілеттігін тоқтатуды айқындау;

– ҚР ҰҒА Төралқасының ғылыми-ұйымдастыру жұмысы бойынша жылдық есебін бекіту;

– ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерін (академиктер), корреспондент-мүшелерін және шетелдік мүшелерін сайлау;

ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысы қажеттілік бойынша жылына кем дегенде бір рет шақырылады. Жалпы жиналыстың күн тәртібі және ол туралы шешім жобасы алдын ала ҚР ҰҒА Төралқасы отырысында талқыланады.

Жарғыны қабылдау мен өзгертулер енгізу, ҚР ҰҒА-ның толық мүшелерін (академиктер), корреспондент-мүшелерін сайлау, ҚР ҰҒА-сын тарату және қайта құру туралы шешімдер Жалпы жиналысқа қатысқан ҚР ҰҒА толық мүшелерінің басым көпшілігімен, яғни 2/3 даусымен, ал қалған шешімдер – жәй көпшілік дауыспен қабылданады. Жиналысты жүргізу тәртібі және дауыс беру түрі (жасырын және ашық) Жалпы жиналыста ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

ҚР ҰҒА-сын басқарудың атқарушы органы құрамында президент, вице-президенттер, бас ғылыми хатшы, Бөлімшелер төрағалары және Төралқа мүшелерін құрайтын саны Жалпы жиналыспен анықталған Төралқа болып табылады. Төралқа құрамын қалыптастыру ҚР ҰҒА-ның президентінің ұсынысы бойынша Жалпы жиналыста жүзеге асырылады. Төралқа мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөліп беруді ҚР ҰҒА президенті жүзеге асырады.

30. ҚР ҰҒА Төралқасы:

- ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысын шақырады;
- ҚР ҰҒА Төралқасының жұмыс жоспарын, Бөлімшелер (филиалдар) және басқа есеп беретін ҚР ҰҒА ұйымдарының ережесін бекітеді, олардың орындалуы туралы ақпаратты тыңдайды;
 - ғылыми кеңестер, ғылыми орталықтар (өкілдіктер), ғылыми және ғылыми-өндірістік, жобалық-конструкторлық ұйымдар, төралқа бюросы және кеңесшілік құқықтары ғана бар Бөлімшелер бюросын, тағы басқа ҚР заңымен тыйым салынбаған ҚР ҰҒА заңды тұлғалары түрлерін құрады;
 - ғылымның дамуы мәселелері бойынша конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар шақырады, конкурстар мен көрмелер ұйымдастырады;
 - ҚР ҰҒА қаражатының шығысына бақылау жасайды, санақ комиссиясының есебін ұйымдастырып, тыңдайды;
 - осы Жарғыны ҚР ҰҒА-ның барлық құрылымдық Бөлімшелері мен ҚР ҰҒА-дағы лауазымды тұлғалар мен мүшелердің ұстануын бақылауды жүзеге асырады;
 - барлық бос орындар саны, мамандықтар тізімі мен ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) мен корреспондент-мүшелерін сайлау тәртібін белгілейді, ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысына ҚР ҰҒА-ның президенті және шетелдік мүшелер кандидатурасын ұсынады;
 - ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшелерін сайлайды;
 - ҚР ҰҒА мүшелерінің төс белгілерін, ғылыми сыйлықтарын, құрметті атақтарын, марапаттары (медальдары) мен куәліктерін бекітеді;
 - ҚР ҰҒА мүшелерімен және басқа салалық академиялардың, ЖОО мен ғылыми ұйымдардың ғалымдары мен жыл сайынғы ғылым туралы Ұлттық баяндаманың орындалуын үйлестіреді;
 - ҚР ҰҒА басылым жоспарын (журналдар, монографиялар) қарастырып, бекітеді, сондай-ақ оның орындалуына бақылау жасайды;
 - ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының құзырына қатысы жоқ және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен тыйым салынбаған басқа да функцияларының қызметін басқару бойынша істерін жүзеге асырады.

Төралқа мүшелерінің осы тізім ішінен дәлелді себептермен қатыспағандарды шегеру арқылы (сырқатына байланысты, іс-сапар,

т.б.) кем дегенде 2/3 қатысқанда Төралқа мәжілісін өткізуге құқылы. Төралқа шешімі көпшілік дауыспен қабылданады, ол тең түскен жағдайда ҚР ҰҒА президенті даусымен шешіледі.

31. ҚР ҰҒА президенті:

– ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері (академиктер) арасынан жасырын дауыс беру тәсілімен ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысының шешімімен 5 жылдық мерзімге сайланады және қайта сайланады.

– ҚР ҰҒА-на жүктелген міндеттер мен оның қызметтерін жүзеге асыруды орындау үшін жеке басы жауапты;

– дара басшылық принципі бойынша әрекет етеді және Қазақстан Республикасы заңдары мен осы Жарғымен анықталатын оның құзыреттілігіне сәйкес ҚР ҰҒА қызметінің ағымдағы мәселелерін дербес шешеді;

– ҚР ҰҒА Төралқасын басқарады, оның қызметіне жетекшілік етеді оның мәжілісіне және ҚР ҰҒА Жалпы жиналысына төрағалық етеді;

– ҚР ҰҒА Төралқасы мен Жалпы жиналысының барлық шешімдері мен басқа да ресми құжаттарды бұйрықпен бекітеді;

– ҚР ҰҒА-сы атынан сенім хатсыз әрекет етеді, ҚР ҰҒА-ның мүддесін барлық ұйымдарда ұсынады;

– ҚР ҰҒА мүшелерінің Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы жұмысына, Ғылым бойынша Ұлттық кеңес және Ғылыми бағдарламалар мен жобалардың Ұлттық сараптама орталықтарының жұмысына қатысуына жәрдемдеседі;

– ҚР ҰҒА-ның халықаралық байланыстарының дамуына жәрдемдеседі;

– келісім-шарт жасайды, сенім хат береді, банкте есеп шот ашып, қол қояды және тағы басқа Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес келісімдер жасайды;

– штаттық және ҚР ҰҒА Төралқасы әкімшілік қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысын, сыйлықақы беру мөлшерін бекітеді, ҚР ҰҒА-ның толық мүшелері мен корреспондент-мүшелеріне қайырымдылық көмек жасайды, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес ҚР ҰҒА Төралқасының штаттағы қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

– ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында сайланған Төралқа мүшелері қатарынан вице-президентті, бас ғалым-хатшыны, ҚР ҰҒА толық мүшелері мен корреспондент-мүшелері қатарынан кеңесшілерді,

ғылыми және тағы басқа қызметкерлерді тағайындайды және орнынан босатады, ҚР ҰҒА Төралқасының барлық штаттағы және штаттан тыс қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

– ҚР ҰҒА Төралқасы немесе Бөлімшелерінің ұсынысын есепке ала отырып салалық және аймақтық Бөлімшелердің (филиалдар, өкілдіктер) төрағасын тағайындайды және босатады;

– заңдармен және осы Жарғымен жүктелген басқа да қызметтерді жүзеге асырады және ҚР ҰҒА Жалпы жиналысы мен Төралқасының құзырына жатпайтын барлық мәселелерді шешеді.

32. ҚР ҰҒА-ның бақылау органы болып ҚР ҰҒА Төралқасы сайлаған ҚР ҰҒА толық мүшелері мен корреспондент-мүшелері арасынан сайланады және ҚР ҰҒА Төралқасының қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүзеге асырады. Тексеру комиссиясы өз қызметі туралы ҚР ҰҒА Төралқасы алдында кем дегенде жылына бір рет есеп береді. ҚР ҰҒА-ның лауазымды тұлғалары ҚР ҰҒА-ның жұмысы туралы бүкіл қажет ақпаратты тексеру комиссиясының талабы бойынша беруге міндетті.

ҚР ҰҒА мүлкі және ақшалай қаржылары

33. ҚР ҰҒА мүлкі мен ақшалай қаржылары гранттар, бағдарламалық-бағыттық жобалар, конкурстық ғылыми жобаларын орындау есебінен түскен қаржылар, заңды және жеке тұлғалар, ҚР ҰҒА мүшелері, ҚР ҰҒА демеушілері және қайырымдылық енгізулері, қызметтер көрсету мен ҚР ҰҒА және оның ғылыми және ғылыми-өндірістік ұйымдарының Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызметтерін атқару.

ҚР ҰҒА мүлкі негізгі мүлкі мен бағасы ҚР ҰҒА балансында көрсетілген басқа мүліктен құралады.

34. ҚР ҰҒА, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жарғының мақсатына жету үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуына болады. ҚР ҰҒА-ның кәсіпкерлік қызметтен түскен кірісті ҚР ҰҒА-ның мүшелері (қатысушылары) өзара бөлісе алмайды, ол кіріс жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдаланылуға тиісті.

35. ҚР ҰҒА өз мүліктеріне иелік ету, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырады. ҚР ҰҒА өз міндеттемелері бойынша карамағындағы барлық мүліктерге жауапты. ҚР ҰҒА-ның өзінің

мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапты емес. Академия мүшелері ҚР ҰҒА міндеттері бойынша жауапты емес. ҚР ҰҒА-ның жеке меншігі Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

36. **Қазақстан Республикасының** заңдарына сәйкес ҚР ҰҒА бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілігін ұсынады.

37. **ҚР ҰҒА-ның қаржы-шаруашылық** қызметін тексеру Қазақстан Республикасының заңдары бекіткен тәртіпте жүзеге асады.

ҚР ҰҒА-ның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

38. **ҚР ҰҒА-ның Жарғысына өзгертулер** мен толықтырулар ҚР ҰҒА-ның Жалпы жиналысы шешімінің негізінде Заңда белгіленген тәртіппен енгізіледі.

ҚР ҰҒА-ның тарату және қайта құру

39. **ҚР ҰҒА-ның тарату және қайта құру** Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

ҚР ҰҒА таратылған жағдайда оның мүлкі ұйымның мүшелері, құрылтайшылар, лауазымды тұлғалар немесе жалдамалы жұмысшылар арасында өзара бөліске түсе алмайды.

Жалпы жиналыстың шешімі бойынша ҚР ҰҒА-сын тарату барысында оның мүлкі осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жіберіледі.

ҚР ҰҒА-сын сот шешімі бойынша таратқанда, оның мүлкі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес пайдаланылады.

«ҚР ҰҒА» РҚБ
президенті, академик

М. Жұрынов

У Т В Е Р Ж Д Е Н
Протоколом Общего собрания
Национальной академии наук
Республики Казахстан
по представлению
Президиума НАН РК

У С Т А В
РЕСПУБЛИКАНСКОГО
ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ
«НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Общие положения

1. **Казахстанская база Академии наук** в г.Алма-Ата была организована в 1932г. решением Президиума Академии наук СССР и в 1938г. была реорганизована в Казахский филиал АН СССР.

Академия наук КазССР была создана согласно Постановления Совнаркома СССР от 31 мая 1946 г., а также совместного постановления Президиума Верховного Совета и Совнаркома Казахской ССР «Об учреждении Академии наук Казахской ССР».

Днем официального открытия республиканской Академии наук считается 1 июня 1946 г.

С 23 октября 2003 г. Академия наук является Республиканским общественным объединением «Национальная академия наук Республики Казахстан» (далее НАН РК).

2. **В состав НАН РК входят ведущие** ученые Казахстана – действительные члены (академики), члены-корреспонденты, иностранные и почетные члены НАН РК. Действительные члены и члены-корреспонденты НАН РК, являющиеся гражданами Республики Казахстан, могут быть учредителями Национальной академии наук, осуществляющей деятельность на всей территории Республики Казахстан.

3. **НАН РК осуществляет свою** деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом РК «О науке» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

4. Юридический статус, наименование и местонахождение НАН РК:

НАН РК является юридическим лицом, имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печати, штампы и другие официальные атрибуты.

Наименование НАН РК:

на государственном языке: полное – «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестік; сокращенное – «ҚР ҰҒА»;

на русском языке: полное – Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан»; сокращенное – НАН РК.

Местонахождение НАН РК: Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Шевченко,

Цель и виды деятельности деятельности НАН РК

5. Целью деятельности НАН РК является всемерное содействие развитию всех отраслей науки в Казахстане, реализации наиболее важных и перспективных научных исследований и научно-технических разработок, внедрению результатов научно-технической деятельности в экономику страны, развитию научно-инновационной деятельности, профессиональной консолидации ученых Казахстана для обеспечения экономического, социального, государственно-правового и культурного развития Республики Казахстан.

6. Видами деятельности НАН РК являются:

- объединение ведущих ученых страны;
- подготовка и выпуск ежегодного Национального доклада по науке, содержащего анализ состояния и тенденций развития мировой и казахстанской науки, прогнозирование и обоснование приоритетных направлений развития науки; Национальный доклад по науке ежегодно предоставляется Президенту Республики Казахстан;
- пропаганда научных достижений и издательская деятельность;
- научно-исследовательская деятельность и подготовка научных кадров;
- участие в экспертизе научных проектов и программ;

- создание наукоемких производств и инновационная деятельность;
- участие в развитии международного сотрудничества в сфере научной и инновационной деятельности, организация симпозиумов и выставок;
- присуждение научных премий, почетных званий, знаков и наград, учрежденных НАН РК;
- осуществление иной деятельности, не запрещенной законодательством, в том числе по договорам с государственными органами.

Состав НАН РК

7. **Входящие в состав НАН РК** действительные члены (академики), члены-корреспонденты, иностранные и почетные члены НАН РК проводят сессию Общего собрания НАН РК, как правило, в открытом режиме. Общее собрание правомочно принимать любые решения, если присутствуют не менее 2/3 членов НАН РК.

8. **Действительными членами** (академиками) НАН РК могут быть избраны члены-корреспонденты. В исключительных случаях действительными членами могут быть избраны крупные ученые - доктора наук, создавшие научные школы, добившиеся выдающихся достижений и признания среди ведущих ученых мира.

9. **Членами-корреспондентами** НАН РК могут быть избраны ученые, признавшие и обязующиеся выполнять настоящий Устав в письменной форме, обогатившие науку крупными достижениями, признанными научными сообществами мира, имеющие ученую степень доктора наук и/или профессора, полученного за научные достижения, как правило, с пятилетним стажем научной деятельности после присвоения ученой степени государственным органом РК.

10. **Действительные члены** и члены-корреспонденты НАН РК избираются пожизненно и могут быть выведены из состава НАН РК по собственному заявлению. В исключительных случаях они могут быть переведены в иностранные или почетные члены НАН РК. Решения принимаются Общим собранием НАН РК простым большинством голосов, по представлению Президиума НАН РК.

11. **Число вакансий, перечень** специальностей и порядок проведения выборов действительных членов и членов-корреспондентов определяются Президиумом НАН РК.

12. **При выборах президента,** действительных членов, членов-корреспондентов и иностранных членов НАН РК право решающего голоса имеют только действительные члены и члены-корреспонденты НАН РК. Для принятия любого решения необходимо присутствие на собрании (заседании) действительных членов и членов-корреспондентов в количестве не менее $2/3$ с вычетом из их списка отсутствующих по уважительным причинам (болезнь, командировки и др.). Для подсчета результатов тайного голосования Общее собрание избирает Счетную комиссию.

13. **Выборы кандидатов к избранию** Общим собранием НАН РК действительными членами и членами-корреспондентами проводятся Общим собранием профильного Отделения НАН РК.

В отдельных случаях решением Президиума НАН РК допускаются выборы на совместном собрании с участием членов Отделений и Президиума НАН РК на паритетных условиях. Если после I-тура голосования вакантное место остается свободным, то по решению Президиума возможен II – тур голосования для кандидатов, набравших не менее 50% голосов. Избранными кандидатами в действительные члены и члены-корреспонденты НАН РК считаются ученые-претенденты, получившие наибольшее число голосов, но не менее $2/3$ голосов.

14. **Кандидат на избрание действительным членом** (академиком) НАН РК считается избранным, если за него проголосовали наибольшее число голосующих, но не менее $2/3$ от участвовавших в голосовании действительных членов на Общем собрании НАН РК.

Кандидат на избрание членом-корреспондентом НАН РК считается избранным, если за него проголосовали наибольшее число голосующих, но не менее $2/3$ от участвовавших в голосовании действительных членов и членов-корреспондентов НАН РК.

Кандидат на избрание президентом НАН РК выдвигается Президиумом или профильным отделением НАН РК и считается избранным, если за него проголосовали наибольшее число голосующих, но не менее простого большинства (50% голосов и

плюс один голос) от участвовавших в голосовании действительных членов (академиков) и членов-корреспондентов НАН РК.

15. **Протоколы счетных комиссий** утверждаются Общим собранием НАН РК открытым голосованием. Протокол считается утвержденным, если за него проголосовало более половины присутствующих академиков и членов-корреспондентов НАН РК.

16. **Иностранцами членами НАН РК** могут быть избраны зарубежные ученые, научный вклад которых в развитие мировой науки, культуры и экономики Республики Казахстан признан НАН РК исключительным. Выборы иностранных членов НАН РК проводятся Общим собранием путем открытого голосования простым большинством голосов по представлению Президиума НАН РК. Иностранные члены участвуют в собраниях с совещательными голосами.

17. **Почетными членами НАН РК** могут быть избраны граждане Республики Казахстан и иностранные граждане, заслуги которых способствовали развитию мировой науки и науки в Республике Казахстан. Выборы почетных членов НАН РК проводятся Президиумом путем открытого голосования простым большинством голосов по представлению президента НАН РК. Почетные члены участвуют в собраниях с совещательными голосами.

На аналогичных условиях Президиум может присваивать ученым почетное звание «Профессор НАН РК» согласно «Положению», утвержденному Общим собранием НАН РК.

Права и обязанности членов НАН РК

18. **Действительные члены** (академики) и члены-корреспонденты НАН РК имеют права на:

– участие в работе НАН РК в установленном законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом порядке;

– внесение на рассмотрение Отделения, Президиума и Общего собрания НАН РК предложений по всем вопросам деятельности НАН РК и участие в их обсуждении;

– свободный выход из состава НАН РК или переход из действительного члена в иностранный или почетный члены в

соответствии с поданным в Президиум НАН РК заявлением или по решению Президиума и Общего собрания НАН РК;

– переход из состава одного Отделения в другое в случае получения согласия большинства членов Президиума и этих Отделений.

19. Действительные члены (академики) и члены-корреспонденты НАН РК обязаны:

– проводить научные исследования, создавать научные школы и способствовать развитию науки в республике на мировом уровне;

– публиковать в журналах НАН РК обзорные и аналитические материалы о мировых тенденциях развития науки, состоянии научно-технического потенциала по приоритетным направлениям развития науки в республике;

– представлять ежегодный отчет о личном вкладе в науку, подготовке научных кадров высшей квалификации, публикациях научных трудов и их практической реализации;

– участвовать на договорной основе в подготовке ежегодного Национального доклада по науке.

20. Действительные члены, члены-корреспонденты и почетные члены НАН РК в соответствии с научным профилем являются членами одного из его Отделений.

21. Действительные члены, члены-корреспонденты и почетные члены НАН РК, работающие и проживающие в регионах Республики Казахстан, являются членами соответствующего регионального отделения (филиала) НАН РК.

22. Действительные члены, члены-корреспонденты, иностранные и почетные члены НАН РК обязаны в соответствии с Уставом исполнять решения Президиума и поручения президента НАН РК, председателя профильного (регионального) Отделения, участвовать в работе Общих собраний НАН РК, соответствующего Отделения (филиала) и проводить в жизнь их решения, содействовать развитию науки в республике.

23. Основная обязанность члена НАН РК состоит в обогащении науки выдающимися трудами и достижениями, разработке крупных научных и научно-технических проблем, подготовке научных кадров и в недопустимости использования трибуны НАН РК в политических, религиозных и иных целях, противоречащих законодательству Республики Казахстан.

Организационная структура НАН РК

24. **НАН РК образует Президиум**, профильные Отделения по направлениям наук, региональные отделения (филиалы, представительства) НАН РК, научные организации, а также может принять участие в создании наукоемких, инновационных производств.

25. **Профильным отделением НАН РК** является ее необособленное структурное подразделение в конкретной области науки, объединяющее членов НАН РК, работающих по соответствующему профилю. Отделения действуют при Президиуме НАН РК и подотчетны ему.

Отделение возглавляет председатель, как правило, из числа действительных членов НАН РК, избираемый Президиумом НАН РК простым большинством голосов, по представлению президента НАН РК.

26. **Региональное отделение** (филиал, представительство) НАН РК является ее необособленное структурное подразделение в Республике Казахстан, объединяющее членов НАН РК, работающих и проживающих в данном регионе. Его Устав утверждается Президиумом НАН РК, председатель назначается президентом НАН РК.

27. **Представительства и научные** (научно-производственные) организации НАН РК могут создаваться как в Республике Казахстан, так и в зарубежных странах в соответствии с законодательством Республики Казахстан. НАН РК может в установленном порядке выступать учредителем или соучредителем организаций, а также вступать в ассоциации и объединения.

Представительство, научную или научно-производственную организацию возглавляет директор, назначаемый президентом НАН РК.

28. **В целях широкого привлечения** к деятельности НАН РК научной общественности и реализации уставных целей НАН РК, ее отделения (филиалы и представительства) вправе создавать научные советы, инициативные исследовательские группы и другие формы временных и постоянно действующих научных организаций и принимать организации – коллективных членов НАН РК.

Управление НАН РК

29. **Высшим органом НАН РК** является Общее собрание НАН РК. По решению Президиума Общее собрание проводится в соответствии с п. 7 и п. 12 настоящего Устава.

К исключительной компетенции Общего собрания относятся:

- принятие, внесение изменений и дополнений в Устав НАН РК;
- принятие решения о добровольной реорганизации и ликвидации НАН РК;
- создание профильных и региональных отделений (филиалов, представительств) НАН РК;
- избрание президента НАН РК, определение срока полномочия и его продления;
- избрание членов Президиума НАН РК;
- определение компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления НАН РК;
- утверждение годового отчета Президиума НАН РК по научно-организационной работе;
- избрание действительных членов (академиков), членов-корреспондентов и иностранных членов НАН РК.

Общее собрание НАН РК созывается ее Президиумом по мере необходимости, но не реже одного раза в год. Повестка дня Общего собрания и проекты решения по ним предварительно обсуждаются на заседании Президиума НАН РК.

Решения о принятии и изменении Устава, избрании действительных членов (академиков) и членов-корреспондентов НАН РК, реорганизации и ликвидации НАН РК принимаются квалифицированным большинством, т.е. не менее 2/3 голосов действительных членов и членов-корреспондентов НАН РК, участвовавших в Общем собрании, остальные решения – простым большинством голосов. Порядок ведения собрания и форма голосования (тайное или открытое) принимаются Общим собранием путем открытого голосования простым большинством голосов.

Исполнительным органом управления НАН РК является Президиум, образуемый в составе президента, вице-президентов, главного ученого секретаря, председателей Отделений и других членов Президиума, численностью, определяемой Общим

собранием. Формирование состава Президиума осуществляется Общим собранием по представлению президента НАН РК. Распределение обязанностей между членами Президиума осуществляется президентом НАН РК.

30. Президиум НАН РК:

- созывает Общее собрание НАН РК;
- утверждает планы работ Президиума НАН РК, положения отделений (филиалов) и других подотчетных организаций НАН РК, заслушивает информацию об их выполнении;
- создает научные советы, научные центры (представительства), научные и научно-производственные, проектно-конструкторские организации, бюро Президиума и Отделения на правах совещательных подразделений и другие, не запрещенные законодательством РК юридические субъекты НАН РК;
- созывает конференции, симпозиумы и семинары по проблемам развития науки, организывает конкурсы и выставки;
- контролирует правильность расходования средств НАН РК, организывает и заслушивает отчет ревизионной комиссии;
- осуществляет контроль за соблюдением настоящего Устава всеми структурными подразделениями, должностными лицами и членами НАН РК;
- устанавливает число вакансий, перечень специальностей и порядок проведения выборов действительных членов (академиков) и членов-корреспондентов НАН РК, рекомендует Общему собранию НАН РК кандидатуры иностранных членов и президента НАН РК;
- избирает почетных членов НАН РК;
- учреждает нагрудные знаки членов НАН РК, научные премии, почетные звания, награды (медали) и удостоверения;
- координирует выполнение членами НАН РК и других отраслевых академий, учеными научных организаций и вузов ежегодного Национального доклада по науке;
- рассматривает и утверждает план изданий НАН РК (журналы, монографии) и контролирует их выполнение;
- осуществляет иные функции по управлению деятельностью НАН РК, не относящиеся к исключительной компетенции Общего собрания и не запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан.

Заседание Президиума правомочно при наличии двух третей членов Президиума с вычетом из их списка отсутствующих по уважительным причинам (болезнь, командировки и др.). Решение Президиума принимается простым большинством голосов, а в случае равенства голосов – решением президента НАН РК.

31. Президент НАН РК:

– избирается и переизбирается на должность сроком на 5 лет Общим собранием НАН РК путем тайного голосования из числа действительных членов (академиков) НАН РК;

– несет персональную ответственность за выполнение возложенных на НАН РК задач и осуществление ее функций;

– действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все текущие вопросы деятельности НАН РК в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

– возглавляет Президиум НАН РК, руководит его деятельностью, председательствует на его заседаниях и на Общем собрании НАН РК;

– утверждает приказом все решения и другие официальные документы Президиума и Общего собрания НАН РК;

– без доверенности действует от имени НАН РК, представляя ее интересы во всех организациях;

– содействует участию членов НАН РК в работе Высшей научно-технической комиссии при Правительстве Республики Казахстан, Национального совета по науке и Национального центра экспертизы научных программ и проектов;

– содействует развитию международных связей НАН РК;

– заключает договора, выдает доверенности, открывает и подписывает банковские счета и совершает иные сделки в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

– устанавливает штат и должностные оклады работников аппарата Президиума НАН РК, формы их премирования, оказывает благотворительную помощь действительным членам и членам-корреспондентам НАН РК, налагает взыскания на штатных работников Президиума НАН РК в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан;

– назначает и освобождает вице-президентов, главного ученого секретаря из числа членов Президиума, избранных на Общем собрании НАН РК, советников из числа действительных

членов и членов-корреспондентов НАН РК, научных и других сотрудников, издает приказы и дает указания, обязательные для всех штатных и внештатных работников Президиума НАН РК;

– с учетом рекомендаций Президиума или Отделений НАН РК назначает и освобождает председателей отраслевых и региональных отделений (филиалов, представительств);

– осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством и настоящим Уставом, решает все вопросы, не отнесенные к исключительной компетенции Общего собрания и Президиума НАН РК.

32. Ревизионная комиссия избирается Президиумом НАН РК из числа действительных членов, членов-корреспондентов НАН РК и осуществляет ревизию финансово-хозяйственной деятельности Президиума НАН РК. Ревизионная комиссия отчитывается о своей деятельности перед Президиумом НАН РК не реже одного раза в год. Должностные лица НАН РК обязаны представлять всю необходимую информацию о деятельности НАН РК по требованию ревизионной комиссии.

Имущество и финансы НАН РК

33. Имущество и финансы НАН РК формируются за счет грантов, программно-целевых проектов, средств, поступающих за счет выполнения конкурсных научных проектов, спонсорских и благотворительных взносов юридических и физических лиц, членов НАН РК, оказания услуг и выполнения других функций НАН РК и ее научных и научно-производственных организаций, не запрещенных действующим законодательством Республики Казахстан.

Имущество состоит из основных средств, а также иного имущества, стоимость которых отражается в балансе НАН РК.

34. НАН РК, в соответствии с законодательством Республики Казахстан, может осуществлять предпринимательскую деятельность для достижения уставных целей. Доходы от предпринимательской деятельности НАН РК и ее учреждений не могут перераспределяться между членами (участниками) НАН РК и должны использоваться для достижения уставных целей.

35. НАН РК осуществляет права владения, пользования и распоряжения своим имуществом. НАН РК отвечает по своим

обязательствам всем имуществом, находящимся в ее распоряжении. НАН РК не отвечает по обязательствам своих членов. Члены академии не отвечают по обязательствам НАН РК. Собственность НАН РК охраняется законодательством Республики Казахстан.

36. **НАН РК ведет бухгалтерский** учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

37. **Проверка и ревизия финансово-хозяйственной** деятельности НАН РК осуществляются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Порядок внесения изменений и дополнений в Устав НАН РК

38. **Изменения и дополнения** вносятся в настоящий Устав в установленном законодательством порядке на основании решения Общего собрания НАН РК.

Реорганизация и ликвидация НАН РК

39. **Реорганизация и ликвидация** НАН РК осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан по решению Общего собрания НАН РК или по решению суда.

При ликвидации НАН РК ее имущество не подлежит разделению между членами организации, учредителями, должностными лицами либо наемными работниками.

При ликвидации НАН РК по решению Общего собрания ее имущество направляется на цели, предусмотренные настоящим Уставом.

При ликвидации НАН РК по решению суда ее имущество используется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**Президент
РОО «НАН РК», академик**

М.Журинов